

## Құрманғазы ауданы бойынша бөлшек салықтық арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 5 наурыздағы № 110-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 11 наурызда № 5149-06 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2026 жылғы 26 қаңтардағы № 266-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 26.01.2026 № 266-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Құрманғазы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Құрманғазы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Мәслихат төрағасы*

*Г. Калиева*